

Қарашай ауылдық округі әкімінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қарашай ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 17 қарашадағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 4 желтоқсанда № 5721 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 247, Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 397 "Мәртөк ауданының Коминтерн селосын Аққайын ауылы деп қайта атау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3322 болып тіркелген) бірлескен қаулысы және шешіміне сәйкес, ауылдық округ әкімінің міндетін уақытша атқарушы

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарашай ауылдық округі әкімінің кейбір шешімдеріне мынандай өзгерістер енгізілсін:

1) Қарашай селолық округі әкімінің 2008 жылғы 26 қарашадағы № 1 "Қарашай ауылдық округі елді мекендерінің көшелеріне атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-8-62 болып тіркелген, 2008 жылғы 26 желтоқсанда "Мәртөк тынысы" аудандық газетінде жарияланған) шешімінде келесідей өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тіліндегі шешімнің деректемесінде "селолық" сөзі "ауылдық" сөзімен ауыстырылсын;

шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы " Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармақшасына сәйкес, Қарашай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:"**;

мемлекеттік тіліндегі шешімнің мәтінінде "елді мекеніне" сөздері "ауылы" сөзімен ауыстырылсын;

шешімнің 3 тармағында "Коминтерн" сөзі "Аққайын" сөзімен ауыстырылсын.

2) Қарашай селолық округі әкімінің 2011 жылғы 22 қыркүйектегі № 1 "Қарашай ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атау беру туралы" (нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-8-137 болып тіркелген, 2011 жылғы 10 қарашада "Мәртөк тынысы" аудандық газетінде жарияланған) шешімінде келесідей өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тіліндегі шешімнің деректемесінде "селолық" сөзі "ауылдық" сөзімен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі шешімнің деректемесінде "Карачевского" сөзі "Карачаевского" сөзімен ауыстырылсын;

шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармақшасына сәйкес, Қарашай ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**";

шешімнің 1 тармағының 1 және 2 тармақтары тиісінше 1) және 2) тармақшасы деп есептелінсін;

мемлекеттік тіліндегі шешімнің 1 және 2 тармағындағы "(Қаратаусай а.)", "(Аққайың а.)" сөздері "(Қаратаусай ауылы)", "(Аққайың ауылы)" сөздерімен ауыстырылсын;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарашай ауылдық округі әкімінің
міндетін уақытша атқарушы*

Н. Оспанова